«КАРАТ-Z»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
ШЕКТЕУЛІ
СЕРІКТЕСТІГІ

ТОВАРИЩЕСТВО С
ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
«КАРАТ-Z»

Қазақстан Республикасы,ОҚО, Ордабасы ауданы,
Темірлан ауылы,
Қажымұкан көшесі № 47,БСН 020940003169
Тел/Факс: +7 (700) 640-70-70
E-mail: send_quickly@mail.ru

Республика Казахстан,ЮКО,Ордабасинский
район,с.Темирлан,
ул Кажимухана №47,БИН 020940003169
Тел/Факс: +7 (700) 640-70-70
E-mail send_quickly@mail.ru

исх№:28
дата:08.06.2018 год

Оңтүстік Қазақстан облысы
прокуроры Н.Әбдіровке

Қазақстан Республикасы
қаржы министрлігінің
Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің
Оңтүстік Қазақстан облысы
бойынша ішкі мемлекеттік аудит
департаметінің басшысы
Б.Көшербайға

Мемлекеттік сатып алулар аясында.

Құрметті Батырбек Көшербай, біз,"Карат-Z"ЖШС-гі **"Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы"** ММ-сі ұйымдастырушы болып табылатын конкурс **№ 2370755-1 лот№ 16989843-ОК1** ашық конкурс тәсілімен өткен **Бәйдібек ауданының Жамбыл дәрігерлік амбулаториясын күрделі жөндеу** жұмыстарына мемлекеттік сатып алу процессінде корытындылар туралы хаттамасында ұйымдастырушы тарапынан кеткен қателікке наразылық білдіреміз.

Анығырақ айтқанда жоғарыда көрсетілген сатып алу бойынша ұйымдастырушы біз яғни **"Карат-Z"ЖШС-гі** шартты жеңілдік мөлшеріне әсер ететін жұмыс тәжірбиемізді есепке алмай отыр.Атап айтқанда **конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасының ескертпе бөлігінің 8-тармағына сәйкес:** *Егер конкурстың нысанасы күрделі жөндеу болып табылған жағдайда, онда жаңа объектілерді салу, кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жасақтау және қолданыста бар объектілерді реконструкциялау және күрделі жөндеу жұмысының тәжірибесі*

ескеріледі.-деп анық көрсетілген.**Және де конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасының ескертпе бөлігінің 9-тармағына сәйкес:** *Құрылыс саласындағы жұмыс тәжірибесі құрылыс объектілерінің функционалдық мақсаты мен салалық тиесілілігіне (құрылыс түрлері бойынша бұдан бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы немесе сәйкестігі) және Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған олардың техникалық күрделілігіне сүйене отырып есептеледі.-* деп айқындалған.Осыған орай аталған нысан бойынша жобалық-сметалық құжаттамасына «СТАНДАРТ ОРД» ЖШС-гі (Эксперттік ұйым) қорытындысына сәйкес аталған нысанды **Техникалық күрделі емес** - деп қорытынды шығарған.Яғни әлеуетті өнім берушілер жұмыс тәжірбиесі бойынша техникалық күрделілігін дәлелдейтін құжаттарды ұсынуға міндетті емес,себебі аталған нысан техникалық күрделілігі бойынша ең төменгі санатқа **Техникалық күрделі емес нысан** қатарына жатады. **Конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасының ескертпе бөлігінің 3-тармағына сәйкес:** *Егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және* ***күрделі жөндеу*** *болып табылған жағдайда* ***орындалған жұмыстарды қабылдау*** *және* ***объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері*** *жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады.* **"Карат-Z"ЖШС-гі** конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасының ескертпе бөлігінің 3-тармағына сәйкес ***орындалған жұмыстарды қабылдау*** *және* ***объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелерін*** *ұсынған болатын.*Алайда аталған құжаттарды толық ұсынғанымызға қарамастан комиссия мүшелері жұмыс тәжірбиемізді есепке алмай отыр.Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру тәртібіне сәйкес: *Конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір (1 %) пайыз мөлшерінде, бірақ он пайызынан асырмай шартты жеңілдік береді. Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі (0,2 %) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді.*-деп көрсетілген.Жоғарыда көрсетілген тәртіп бойынша **"Карат-Z"ЖШС-гі** аталған конкурсқа ұсынған құжаттары шеңберінде жұмыс тәжірбиесін есептесек орындалған құрылыс жұмыстары мен күрделі жұмыстар қосындысы 5 жылды және аталған жылдар ішінде қайталанған 4- нысандарды қоса есептегенде барлығы 5,8 балды құрайды оған қоса ұлттық стандартқа **сапа менеджменті** мен ұлттық стандартқа **экологиялық менеджменті** сәйкестігін есепке алғанда **"Карат-Z"ЖШС-гі Шартты жеңілдік мөлшері 8,8 %**(сегіз бүтін оннан сегіз пайызды құрауы тиіс).

Және де конкурстық комиссия мүшелері корытындылар туралы хаттамаға сәйкес жеңімпаз болып танылған **"Ер-Ай-Б"ЖШС-гі** шартты жеңілдік мөлшерін дұрыс есептемеген.Себебі **"Ер-Ай-Б"ЖШС-гі** ұсынған ұлттық стандартқа **сапа менеджменті** мен ұлттық стандартқа **экологиялық менеджменті** сәйкестігін растайтын сертификаттарының жарамдылық мерзімі 2018 жылдың 2 сәуірінде өтіп кеткен.Және де **"Ер-Ай-Б"ЖШС-гіне** 2018 жылдың 15 мамырында шыққан қорытындылар туралы хаттамасында құжаттарын қайта ұсынуға мүмкіндік берілген.Алайда аталан мекеме аталған мерзімі жарамды жаңа сертификаттар ұсынбаған.

Жазып отырған арызымыз негізінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама заңдылығын қамтамасыз ету мақсатында назарыңызға төмендегі қатысқан әлеуетті өнім берушілердің жұмыс тәжірбиесі туралы ақпаратты ұсынамыз.

- **"Ер-Ай-Б"ЖШС-гі** біліктілік туралы мәліметтерінде бас мердігер ретінде орындаған жұмыстары бойынша конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасының ескертпе бөлігінің 3-тармағына сәйкес ***орындалған жұмыстарды қабылдау*** *және* ***объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелерін*** *ұсынбаған.Яғни кейбір нысандарына тек қана* ***объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелерін,****ал екіншісіне* ***жұмыстарды қабылдау актілерінің электрондық көшірмелерін*** *ғана ұсынған,жоғарыда көрсетілгендей* ***орындалған жұмыстарды қабылдау*** *және* ***объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері*** *бірге ұсынылуы қажет.***Және де конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасының ескертпе бөлігінің 3-тармағына сәйкес**: *Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі бар болған жағдайда орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері, не осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасы туралы қорытындыны немесе орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытынды немесе сәйкестік туралы декларация ұсынады.*-деп қамтылған.Аталған мекеме қосалқы мердігер ретінде **конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасының ескертпе бөлігінің 3-тармағына сәйкес** растаушы құжаттарын тиісінше ұсынбаған.

- **"ЛИРА ЛТД" ЖШС-гі** біліктілік туралы мәліметтерінде ұсынған ақпаратты ұсынылған құжаттарымен мүлдем сәйкес келмейді.Және ұсынған орындалған жұмыстарды қабылдау актісі ешбір техникалық қадағалаушының қатысуынсыз ресімделінген,яғни бұл факт ұсынған нысандарының күрделі жөндеуге жатпайтындығының дәлелі.Және де аталған мекеме 5-қосымшасының ескертпе бөлігінің 3-тармағына сәйкес ***орындалған жұмыстарды қабылдау*** *және* ***объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық***

көшірмелерін *бірге қоса ұсынбаған.*Жұмыс тәжірбиесін растаушы құжаттары Қазақстан Республикасының заңнамалары және тәртіптеріне сәйкес бекітілінген базалық үлгісіне сәйкес келмейді.Нысанды қабылдау бойынша ұсынған құжаттарында **Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес** қабылдап алатын мекемелер*(жобалаушы,техникалық қадағалаушы)* қамтылмаған. **Яғни** бірінші және екінші жеңімпаздардың жұмыс тәжірбиесі бөлігінде шартты жеңілдік есептелінуі өзгеріссіз қалады.

Мемлекеттік сатып алулар заңы әлеуетті өнім берушілердің ұсынбаған құжаттарын толықтыру мақсатында заңды және жеке тұлғалардан сұрау салуға рұқсат етпейді және аталған әрекетті жасаған тұлғаларға әкімшілік жаза қолданылатындығы баршамызға белгілі. Және де ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарын(жұмыс тәжірбиесін) тек қана мемлекеттік сатып алулар веб-порталына аталған сатып алулар бойынша ұсынған құжаттар аясында ғана айқындайтындығы белгілі.

Қорытындылай келе, жоғарыда көрсеткен заңды уәждерімізді ескере отыра,камералдық бақылау жүргізіп, **Ер-Ай-Б"ЖШС-гінің** шартты жеңілдік мөлшерін растаушы құжаттарын тиісінше ұсынбауына байланысты есепке алмай, қорытындылар туралы хаттаманы қайта қарауға,барлық растаушы құжаттарын толық ұсынған **"Карат-Z"ЖШС-гі** шартты жеңілдік мөлшерін жоғарыда көрсетілгендей дұрыс есептеуге заң шеңберінде ықпал етуіңізді сұранамын.

"Карат-Z"ЖШС-гі "
директоры **Нупбаева Ж.Д**